

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Біз не үйрендік?

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.10.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/18627/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Базарбекова Гульнар Оспановна**Сабақтың тақырыбы:** « Біз не үйрендік?»**Сабақтың мақсаты:** Бағдарлама бойынша балалардың білімдерін тиянақтау, сандарды (тура, кері) санауға, атай білуге үйрету мақсаты көзделді.

Балаларға жыл мезгілдері туралы түсінік беру, түсініктерін қалыптастыру, ертегі әңгімелеу барысында сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік қорларын байыту. Оқушылардың бойына үлкенді сыйлап тыңдай біліп, көмек көрсетуге, табиғатты сүйе білуге, оны қорғауға, ұйымшылдыққа, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ**Көрнекілігі:** суреттер слайд түрінде, түрлі түсті қағаздар мен қарындаштар**Сабақтың барысы:** I. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Балалар, бүгінгі сабаққа бізге қонақтар келіп отыр, сондықтан сабаққа барлығымыз қатысайық. Бүгінгі біздің тақырыбымыз «**Біз не үйрендік?**» деп аталады. Бүгінгі тақырыпта сендермен жыл бойы өткен білімдерімізді қайталаймыз. Соларға байланысты ойындар, тапсырмалар орындаймыз. Сабаққа жақсы қатысқандарын үшін жұлдызшалар беріліп отырады. Сабақ соңында кім көп жұлдызша жинағанына сай, сабаққа белсенді қатысқан оқушылар анықталады. Сабағымызды бастамас бұрын бір-бірімізге сәттілік тілейік. (бір-бірлерінің қолдарын ұстап, балалар сәттілік тілейді).

Балалар сендер білесіңдер ме?

Неше жыл мезгілі бар?

Кәне, кіммағанайтып берем дейді?

Жарайсыңдар, балалар. Көпбіледіекенсіңдер. Ал ендешеәржылмезгілінетоқталыпкетелік.

Қазірбіздеқандаймезгіл?

Дұрыс, **көктем**.

Көктем мезгіліндеқандайөзгерістерболады?

Жақсы, ендікөктеммезгілінің математика сабағыбойынша дайындаған тапсырмасынорындайық.

1. Тура, керісанау.

2. **Ойын:** «Ойлан, тап» есептершығару

3. Салыстыру

Сергіту сәті:

1,2,3 қарлығашбопұш,

4,5,6 қарлығашбопшалқы,

7,8,9,10 қарлығашбопқон.

Жарайсыңдар, балалар. Келесі мезгіліміз?

Дұрыс, **жаз**

Жаз мезгіліндеқандайөзгерістерболады?

Күныстықтақайдабарыпшомыламыз?

Орманғабарып, не тереміз?

Ал енді жаз мезгілінің сауаташ сабағы бойынша тапсырмасынорындайық.

1. Логикалық ойын

2. Анаграмма

Балалар «Не жасырылған?» екенін тауып алу керек. Суретте не бейнеленгенін айту. Қандайдыбыстан басталатынын сөз. Соған сөйлем құрау.

Сергітүсеті: музыка қосылады, балалар би қимылын жасайды.

Жұмбақ жасыру:

Ағаш толы сарышымшық,

Сілкіп көрсең түседі ұшып.

(Жапырақтар)

Дұрыс, жапырақтар. Сонда келесі мезгіліміз?

Дұрыс, **күз**

Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

Күзден елдер піседі?

Ж а қ с ы ,

енді күз мезгілінің көркем әдебиет сабағынан дайындап қойған тапсырмасын орындайық.

1. Рольдік-сюжеттік ойын (музыкалық)

(ертегі кейіпкерлерінің суретін көрсету.)

балалар қандай ертегі кейіпкері екенін тауып алу керек.

Жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықтау, кейіпкерлерге сипаттама беру.

Келесі қандай мезгіл?

Дұрыс, **қыс**

Қыста қандай мереке болады?

Қыс мезгілі туралы көп біледі екенсіңдер?

Ендеше, қыс мезгілінің тапсырмасы. Жапсыру сабағына байланысты. Түрлі-түсті қағаздардан гүл жасау.

Музыка қосылып тұрады, балалар музыканы тындай отырып, түрлі-түсті қағаздардан гүл жасайды. Жасаған гүлдерін үстелдің үстінде тұрған құмыраға салады. (Жақсы істеген оқушыларды мақтап, мадақтау).

Бекіту: Балалар, бүгінгі сабақтан не үйрендіңдер? Не білдіңдер?

Қорытынды:

Балалар сонымен біз бүгін 4 жыл мезгілін қайталап, соларға байланысты тапсырмалар орындадық. Сабаққа жақсы қатысқан оқушылар мақтап, мадақталады!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.